



1938 жылдың 5 мамырынан бастап шығып келеді

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді

Өзара келіссөздер мен Жоғары деңгейдегі стратегиялық экономикалық кеңестің 5-ші отырысынан кейін Қазақстан мен Түркия президенттері баспасөз мәлімдемесін жасады.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, Түркияға ресми сапармен келуге шақырып, қазақ делегациясына қонақжайлық көрсеткені үшін бауырлас түрік халқына және Президент Режеп Тайип Ердоғанға шынайы ризашылығын білдірді.

– Қос халықтың игілігі үшін түбі бір түрік еліне жасаған әр сапардың мән-маңызы ерекше. Президент Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен Түркия өзінің алтын ғасырлық белесін тарихи жетістіктермен қарсы алып жатыр. Еліңіз жаңа дәуірге нық қадам басты. Құрметті Президенттің халықаралық сахнадағы



салиқалы саясатының арқасында Түркия әлемдегі беделді әрі ықпалды, шынайы құрметке ие мемлекетке айналды. Мұның түп негізінде түрік халқының бірлігі, даналығы және қайсарлығы жатыр. Осындай биік белестерді бағындыру – Президент Режеп Тайип Ердоған мырзаның қажырлы еңбегінің жемісі деп күмәнсіз айтуға болады. Қазақ азаматтары Президент Режеп Тайип Ердоғанды және бүкіл Түркия елін шын жүректен құрметтейді. Қазақстан Түркияның толайым табысына әрдайым қуанады. Болашағының жарқын болуын тілейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір екі елдің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке ұласқанына назар аударып, бүгінгі нәтижелі келіссөздер қос халық арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

(Жалғасы 2-ші бетте)

Ауыл шаруашылығы санағы

2025 жылы елімізде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізіледі. Бұл туралы шешім 2023 жылғы 26 сәуірде Мемлекет басшысының тапсырмасына және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысына сәйкес қабылданды. Санақ 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында өтеді. Санақ ауыл шаруашылығының нақты жай-күйін бағалауға, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған саясатты әзірлеуге, сондай-ақ болашақтағы таңдаулы бақылаулар мен есепке алулар үшін қажетті база қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Санақ 2 кезең бойынша өткізіледі:

1. Онлайн кезең 2025 жылғы 1 -31 тамыз аралығында өткізіледі. Бұған өсімдік және мал шаруашылығымен, балық өсірумен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын үй шаруашылықтары қатысуы тиіс. Онлайн сауалнаманы sanaq.gov.kz сайты

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЕ БОГАТСТВО СТРАНЫ ВНЕСИ ВКЛАД, УЧАСТВУЙ В ПЕРЕПИСИ!

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу	20 қыркүйек-20 қазан Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі
1 августа-31 августа Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz	20 сентября-20 октября Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

Сельскохозяйственная перепись

1446
www.sanaq.gov.kz

арқылы өтуге болады.

2. Офлайн кезең 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өткізіледі. Бұл кезеңде интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтіп үлгермеген, бау-бақшасы бар және мал ұстайтын үй шаруашылықтарына барып, сауалнама жүргізетін болады.

Ауыл шаруашылығы санағы – мемлекет дамуы үшін маңызды науқан. Сондықтан аграрлық саланың барлық қатысушылары санақтан өтіп, еліміздің ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне өз үлестерін қосуға шақырамыз.

Негізгі кезеңдегі интервьюердің сырт келбеті қандай?
(2025 жылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында)

- Логотипі бар бейсболка
- Жеке басын растау үшін QR коды және жеке нөмірі бар бейдж-күәлік
- Логотипі бар сөмке
- Логотипі бар коудеш-жамылғы
- Планшет

Алдын ала кезеңде 2025 жылдың 1-30 маусымы аралығында интервьюерде жеке басын растау үшін QR коды және жеке нөмірі бар бейдж-күәлік және планшет болады.

1446

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда сағат 9:00-ден сағат 18:30-ға дейін 1446 (Қазақстан бойынша тегін) нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығына хабарласуыңызды немесе Telegram-да https://t.me/statgovkz_bot виртуалды көмекші арқылы жолданым жіберіңізді сұраймыз.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарының, техникалық және кәсіптік білім беру орындарының түлектері, басқа да мамандарды шақырамыз.

05.08.2025 ж.

09:00-13:00

Алға қаласының әкімдігінің ғимараты

«Достар» тобының концертті өтті

Жаз айы басталасымен-ақ орталық саябақта аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлайтын мәдени шаралар, концерттер өткізілуде. Соның бірі 25 шілде күні өткен «Достар» тобының шығармашылық концерті.

«Достар» тобы 1987 жылы Бисенғалиев марат Бектемірұлының бастауымен Алға ауданы Тамды ауылдық клубының жанынан квартет болып құрылған. Жетекшісі – Бисенғалиев Марат. Халықты әсем әндерімен тамсандырып жүрген аталмыш шығармашылық топқа 2014 жылы Халықтық атағы да берілген. «Достар» тобы ауданымыздың өнер саласының дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген, әндерін халық сүйіп тыңдайтын топтардың бірі. Бүгінгі таңда «Достар» тобының бұрынғы құрамы мен жастар арасынан құрылған жаңа құрамы да бар. Жетекшісі – Разия Еркебуланова.

Марал САНДЫБАЙ

